

60 лет Октября көшесінің атауын өзгерту туралы

Ақмола облысы Көкшетау қаласы Краснояр селолық округі әкімінің 2010 жылғы 30 шілдедегі № 5 шешімі. Ақмола облысы Көкшетау қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 қыркүйекте № 1-1-127 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Красный Яр селосы, 60 лет Октября көшесінде тұратын халқының пікірін ескере отырып, Красный Яр селолық округінің

ә к і м і **Ш Е Ш І М** **Е Т Т І :**

1. 60 лет Октября көшесі Азнабай Әбілмәжінов атындағы көшесіне өзгертілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім Көкшетау қаласы Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Б. Әбуов

КЕЛІСІЛДІ

«Көкшетау қаласының
сәулет және қала құрылысы
бөлімі» мемлекеттік

мекемесінің бастығы

Ж. Әбілов